



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

ТҮЙСІК

Орындаған: Спабек А.

Қабылдаған:

Түйсік түсінігі

- Қоршаған орта мен өз тәніміз жөніндегі біліктердің негізгі көзі - біздің түйсіктеріміз. Олар қоршаған орта мен ағза қалпы жөніндегі ақпараттардың миға жетіп, адамның төңіректегі дүние ортасы мен өз тәніне байланысты бағыт-бағдар түзуіне қажетті негізгі өзек, арнаны құрайды.

- Егер осы өзектер жабық болып, сезім мүшелері керекті ақпараттарды жеткізіп тұрмағанда, ешқандай саналы өмір жөнінде әңгіме ету мүмкін болмас еді. Деректерден белгілі болғандай, тұрақты ақпарат көзінен айрылған адам мүлгіген кейіпке түседі. Мұндай жағдай адамда кенеттен көру, есту, иіс сезу қабілетінен айрылып немесе сана сезімі қандай да сырқатқа байланысты шектелсе, көрініс береді. Бұл кейіпте адам алғашқыда ұйқы құрсауына шырмалып, кейін төзіп болмас күйзеліске ұшырайды.

Түйсіктердің физиологиялық негізі

- Сонымен, түйсік - дүние хақындағы біздің барша білімдеріміздің бастау көзі. Сезім мүшелеріне әсер етуші объектив заттар мен құбылыстар тітіркендіргіштер деп аталады да, ал олардың әсерінен сезім мүшелерінде туындайтын құбылыс - тітіркену деп қабылданған

Түйсіктің физиологиялық механизмі

- Түйсіктің физиологиялық механизмі - арнайы жүйке тетігі талдағыш қызметі. Әр талдағыш үш бөліктен тұрады: 1) сыртқы энергияны жүйке процесіне қосушы дененің шеткі бөліктерінде жайласқан рецепторлар; 2) қозуды орталық жүйке бөлігіне жеткізуші афференттік немесе сезімтал жүйкелер; 3) шеткі бөліктен жеткен жүйке импульстарын өңдеуші талдағыштың ми қабығындағы бөліктері.

Түйсік түрлері

- Түйсіктер сезім мүшелерімізге байланысты көру түйсігі, дәм түйсігі, иіс түйсігі, тері түйсігі, кинестетикалық, вибрациялық және органикалық болып бірнеше түрге бөлінеді. Ежелден-ақ адам өзінің сыртқы бес сезім мүшесіне орай көру, есту, сипау, иіс және дәм түйсіктерін ажыратқан.

- Қазіргі кезде сыртқы және ішкі ортаны рецепторда бейнелейтін 20-дан астам түрлі талдағыштар бары белгілі. А. Р. Лурияның пайымдауынша, түйсіктер негізгі екі принцип бойынша жіктеледі: а) жүйелі-генетикалық (қызметіне орай), б) құрылым күрделілігі мен деңгейіне байланысты.

- Түйсіктердің ең маңызды түрлерін үш топқа жіктеу қабылданған: **интероцептік, проприоцептік, экстероцептік.** **Интероцептік** түйсіктер дененің ішкі процестеріне байланысты, яғни ішек, қарын, жүрек, қан тамырлары мен басқа да ішкі құрылым қатпарларындағы тітіркенулерді миға жеткізіп отырады. Түйсіктердің бұл тобы тірі ағзаларда пайда болу жағынан ең ежелгілердің әрі өте қарапайым түрі. Интероцептік түйсіктердің пайда болуы мен олардың жүрісін түсіндіріп білу өте қиын, сонымен бірге нақты қозу нүктесіне ие емес, яғни диффуздық күйде болады, осыдан бұлар адамның көңіл-күй қалпына жақындау келеді.

- ▣ **Проприоцептік** түйсіктер дененің кеңістіктегі қалпы жөніндегі ақпараттармен қатамасыз етіп, адам қозғалысының сезімдік негізін құрап, оларды реттеп отырады. Бұл түйсіктер тобының шеткі рецепторлары бұлшық еттер мен буындарда ерекше жүйке тәндері формасында берілген (тельца Паччини).

- Экстероцептік түйсіктер ең үлкен түйсіктер тобын құрайды. Бұл түйсіктердің қызметі сыртқы дүние ақпаратын адам сезіміне жеткізу және қоршаған ортамен үздіксіз бай-ланысты орнату. Барша экстероцептік түйсіктер тобы шартты түрде аралық және түйісу түйсіктері деп аталған екі бөлікке жіктеледі.

- **Генетикалық** жіктеуге байланысты түйсіктерді екі топқа бөлу көзделген: 1) *протопатикалық* - өте қарапайым, шарпулы (аффекті), толық жіктеліп, мекенделмеген органика-лық сезімдер (ашығу, шөлдеу және т.б.); 2) *эпикритикалық* - жоғарғы дәрежеде жіктеуге келетін, себеп-салдарлы және рационалды (санамен барластырылатын), яғни адамның негізгі сезім мүшелерінде пайда болатын түйсіктер.

Түйсік қасиеттері

- Түйсіктердің әрқандай түрі өздерінің жеке ерекшелік-терімен ғана ажыратылып қоймастан, өзара ортақ қасиеттерге ие. Мұндай қасиеттер: түйсік сапасы, түйсік қарқыны, түйсік ұзақтығы және түйсіктің кеңістік мекендігі. Түйсік сапасы - нақты түйсік түрінің оны басқа түйсіктерден ажырататын және сол түйсік шеңберінде көрініс беретін дара негізгі ерекшелігі. Түйсіктердің осы сапалық көп түрлілігі материя қозғалыс формаларының шексіз саналуан-дығын дәлелдейді.

Түйсік қарқыны

- Түйсік қарқыны - түйсіктің сандық сипатын білдіре отырып, өз кезегінде әсер етуші тітіркендіргіштің күші және рецептордың қызметтік жағдайымен анықталады. Түйсік ұзақтығы - түйсіктің уақыт аралығына байланысты сипаты. Бұл қасиет сезім мүшесінің қызметке жарамдылық қалпымен анықталады да, негізінен, тітір-кендіргіш әсерінің уақыт созыңқылығы мен қарқынына байланысты келеді.

Түйсік табалдырықтары. Сезімталдық.

- Бұл психологиялық түсініктер түйсіктердің сандық өлшеміне байланысты қасиеттерінен. Адамның сезім мүшелері - өте нәзік қызмет тетіктері. Мысалы, адам көзі бір шақырымнан $1/1000$ шамаға тең жарық сигналын байқайды. Ал осы бізді тітіркен-діруге келтіретін энергияның соншалықты аз- дығын мынадан сезуге болады, онымен 1 куб.см. суды 1 градусқа көтеру үшін 60000 жыл қажет екен.

Пайдаланған әдебиеттер:

- Жарықбаев, Қ.

Жантану негіздері [Текст] : оқулық / Қ. Жарықбаев. - Өңд., 4-ші бас. - Алматы : Кітап, 2002. - 415 б. - ISBN 9965-465-28-2 : 370 т., 1100 т.ББК 88